

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Лектор: қауымдастырылған профессор, биология
ғылымдарының кандидаты Басығараев Жандос
Махабатович*

Дәрістің жоспары:

- 1. Биологияда сабақтың атқаратын қызметі**
- 2. Оқушының білімін бағалаудың түрлері мен әдістері**
- 3. Оқушының білімін және шеберлігін бақылау**
- 4. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті**

1. Сыныпта сабақ өткізу жүйесі ең бірінші рет XVII ғасырдың ортасында енгізіле бастады. Оны ең алғаш іске асырушы Ян Амос Коменский болса, бұрынғы Ресейде М.В. Ломоносов болған. Алғашқы ретте оқу пәнінің құрылымы, мазмұны және оқу әдісі қалыптастырылған болатын. 1907 жылы В.В. Половцов ең алғашқы рет сабақ өткізу барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушының ойлау қабілетін дамытуды енгізді.
2. Білім берудің негізгі формасы – сабақ 1931 жылдан бастап дами бастайды. Ең алғаш сабақ деген не?, оған қандай анықтама беру керек деген сұраққа жауап берген Н.М. Верзилин болды. Сабақ оқу процесіндегі ең басты формасы ол сыныпта біртекті, біртектес біркелкі жастағы балалармен мемлекеттік бағдарламаға сәйкес тұрақты күнтізбелік кестесі бойынша өтіледі.

Биологияда сабақтың атқаратын қызметі

Сабақ белгілі бір – білімділік, дамытушылық, тәрбиелік қызмет атқарады, соңғы уақыттарда сабақтың қызметіне өздігінен білім алу және ынталандырушы қызметін де қамтитындығы айтылып жүр. Енді осы айтылғандарға жеке-жеке тоқталып, талдау жасайық.

Білімділік қызметі: бұл қызмет білім жүйесін қалып-тастыруға, сонымен қатар биологиялық ұғымдарды игере отырып білімділігін, біліктілігін, шеберлігін, дағдысын қалыптастыру. Ол үшін мұғалім тиісті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бағдарлама бойынша берілген материалдарды саналы түрде меңгеруге бағыттайды. Оқытушы оқу үрдісін ұйымдастыра отырып, оқушылардың оқулықтармен, қосымша әдебиеттермен жұмыс жүргізуін, табиғи жағдайда және бейнелермен, көрнекті оқу құралдарымен білімін нығайтуды үйретеді. Сонымен бірге тәрбиелік мақсаттарында іске асырады.

Сабақтың тәрбиелік мақсатына тек пәннің мазмұны ғана емес, оның әдіс тәсілдері, құрал-жабдықтарды пайдалану және оқытушының бет-бейнесі, жеке тұлғалық қасиеті, оқушылармен қарым- қатынасы, т.б. еске алынады.

- 1. Дамытушылық қызметі:** сабақ – оқушының жеке жан дүниесінің ерекшеліктерін дамытумен қатар, оны еске сақтау, ойлау, көңіл күйін, қаперін, сөз сөйлеуін, байқампаздылығын, қызығушылығын дамытуды қамтамасыз етуі қажет. Сондықтан оқытушы білім берудің дамытушылық қызметін іске асыру үшін сабақ айту, сұрау барысында ғана емес, ғылыми ізденіс шығармашылық қабілеттілігін дамыту жақтарын қалыптастыруға бағыттайды.
- 2. Өзіндік білім алуын қалыптастыру қызметі:** ғылымның негізімен қарастырғанда табиғаттағы құбылыстарды, объектілерді бақылауды қарапайым тәжірибелер жасауды, оқулықтармен жұмыс істеуді, т.б. білім, ғылыми көздермен өз бетінше ізденуді қалыптастыру.
- 3. Ынталандырушылық қызмет:** қазіргі биология саба-ғының басты бағыты оқушыларды қызықтырып, саналы білім алуға, одан әрі қарай оятып, білімге деген ынта жігерін дамыту.

Осы қызметін іске асыру үшін оқытушы әртүрлі ынталандырушы әдістерді пән мазмұнының ерекшеліктерін, жаңа ғылыми фактілерді келтіре отырып, әртүрлі құрал-жабдықтарды пайдалану әдіс-тәсілдерін үйрету керек.

Оқушының білімін бағалаудың түрлері мен әдістері

Оқушылардың білімін бақылаудағы басты мақсат, олардың өткен оқу материалын қалай түсінгендігін, яғни іскерлігін, шеберлігін, ептілігін анықтау. Сонымен бірге оқушының білімін анықтау оның білімі қаншалықты терең, тиянақтылығын, алған білімін жетілдіріп, шеберлігін қалыптастыру деген сұрақтарға жауап береді. Мұғалім осы жақтарын бақылай отырып, өзінің сабақ беру технологиясын да тиісті түзетулер енгізіп, оқу-тәрбие жұмысының технологиясын жетілдіруге тырысады. Оқушының білімін бақылауда берілген материалды түсінуін ішіндегі фактілердің арасындағы байланыстарды, құбылыстарды тиімді пайдалану жағын, оқу практика жүзінде өзбетінше қолдану арқылы, жаңа бір танымдық деңгейге жеткендігін айқындауға мүмкіндік береді.

Оқушының білімін тексеру барысында:

- оқу үрдісіне бақылауды үздіксіз енгізуге;
- білімдік, дамытушылық, тәрбиелік қызметін атқаруға басты көңіл бөлуі керек.

Оқушының білімін бағалаудың екі түрін бөліп қарастыруға болады:

1) Ағымдағы формасы. Оған:

- дәстүрлі – ауызша сұраудың әртүрлі формалары, жазба түрге үй тапсырмасын бақылау;
- арнаулы – құралдар, компьютерлер арқылы тапсырманы бақылау;
- оқушының күнделікті, жүйелі бақылауы.
- сабақ уақыты бойынша дәстүрлі сұрақтар жатады.

2) Қорытынды бақылау.

- қорытынды жазба жұмысы. Тиісті оқу материалын оқушылардың толық меңгеріп орындауы;
- емтихан өткізу мемлекеттік білім беру мекемелерінің ережесіне сай болуы жатады.

Оқушының білімін бақылаудың мынандай әдісі бар:

- оқушыны жекелей және фронталды бақылау;
- жазбаша бақылау жұмысын тексеру, мазмұндау, шығарма жазу, диктант, жазбаша сынақ;
- зертханалық жұмыстарды өткізудің нәтижесін, құрал-жабдықтарды игеру, пайдалануын үйрету, тәжірибе өткізу арқылы қорытындылау;
- тестік тапсырмалар беру арқылы;
- өзінің білімін өзі тексеріп, қаттеліктерін өзі жөндеп, бағалау.

Енді оқушылардың білімін бағалау әдістерінің формаларына жеке-жеке тоқтап, баға берейік:

- ❖ ауызша жауап түрінде тексеру арқылы оқушының ақпаратты қабылдаумен қатар, сөйлеу мәдениеттілігінің қалыптасуы, сөйлемді құрастыру сауаттылығы, материалды логикалық бір жүйеде түсіндіріп білуге болады;**
- ❖ жауапты жазбаша түрде тексергенде оқушы қатысқан сұраққа еркін, кең түрде, жан-жақты қамтып, кейде өзінің шығармашылық шеберлігін де келтіре отырып, жауап беруі мүмкін. Сондықтан да, жазба түрде берілетін сұраққа уақыты жеткілікті түрде беру керек. Мысалы, 4-4,5 сағатта бес сұраққа;**
- ❖ соңғы жылдары биологияны әдістен бөлек тестік жүйе арқылы бақылау жиі қолданып келеді. Бұл әдіс әсіресе, Халықаралық биологиялық олимпиадаларда көп қолданылады. Мысалы, VII және VIII Халықаралық олимпиаданың сұрақтарының саны екі турды қосып есептегенде 300 ден 350-ге дейін сұрақтардан тұрды.**

- 1. Әрине, осындай көп сұрақтарды тексеріп, уақытында нәтижесін беру үшін техникалық құрал-жабдықтар әсіресе, күрделі де, қымбат компьютерлер керек.**
- 2. Тестік жүйемен тексерудің көптеген артықшылықтары бар. Ол біріншіден, уақытты үнемдеу, екіншіден, сұрақтарды санының көп болуының арқасында биология пәнінің барлық бөлімдерінің толық қамтуға мүмкіндік береді; үшіншіден, берілетін жауаптар нақтылы, қысқа.**
- 3. Бұл әдіспен білімін тексерудің күнделікті, тематикалақ және қорытынды бақылау кезінде қолдануға болады. Әрине, шәкірттердің білімін тексеруде бір ғана әдіспен шектеліп қана қоймай, олардың әртүрлерін пайдаланғанда ғана, оларды жалықтырудан сақтайды.**
- 4. Тестік жүйемен тексерудегі ең басты табыс – оның сипаты мен мазмұнына, әртүрлігіне және тест құрушының шеберлігіне байланысты. Сондықтан да, тестік сұрақтар алуан түрлі болуы керек: дұрыс жауабын таңдап анықтау; ұсынылған элементтерден жауабын құрастыру; табиғатта болатын үрдістер мен құбылыстарды бір ретпен орналастыра отырып, жауабын анықтау; практикалық шеберлігін игеру деңгейін анықтауға арналған тестер; әртүрлі болжамдардың дұрыстығын таңдай білу; берілген кестелерге, суреттерге, дидактикалық карточкаларға бақылау жүргізе отырып, анық жауаптарын табу.**

Оқушының білімін және шеберлігін бақылау

Оқушының білім сапасына және оқу-тәрбие процесін жетілдіруге қойылатын талаптарды, оның білімі мен шеберлігін тексеру арқылы анықтауға болады. Мұғалім осындай жолмен алынған мәліметтердің нәтижесіне сүйене отырып, оқу үрдісін басқарады. Одан әрі қарай оқушының білім алу бағытын қадағалап білім берудің әдісі мен мазмұнына өзгерістер енгізеді. Бұрынғы алған білімі мен жаңадан алған білімнің арасындағы байланысты анықтайды.

Бақылаудың басты қызметі – оқушының білімін және дағдысын, шеберлігін анықтаудағы басты мақсат, оқушының білімінің базалық деңгейін анықтау. Сонымен қатар биологиялық білім мазмұнының міндетті базалық деңгейін анықтап, ғылыми көзқарасын әдептілік, экологиялық, гигиеналық, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру.

Одан басқада білімді бақылау қызметі мақсатына қарай білімділік, дамытушылық және тәрбиелік қызметін атқарады.

Білімділік және дамытушылық қызметі оқушы оқу үрдісінің: жалпы ғылыми, интеллектуалды және практикалық сияқты бірнеше түрлерін меңгеруге бағыттайды. Ал тәрбиелік жағына қарай – оқушының оқуға деген жауапкершілігіне үйренуі, күнделікті берілген тапсырмаларды бір жүйелікпен орындауы, білімін бақылауға барлық уақытта дайын болуы.

- 1. Биологиядан білім берудің тиімділігін білімін бағалауды іске асырып қана қоймай, бақылаудың мазмұнына да аса мән беру керек. Мұғалімнің жаңа тақырыпты оқу барысында берілетін ақпараттың көлемі оқушының дайындық деңгейіне қойылған талаптан жоғары болуы мүмкін. Сондықтан оқу материалдарын жаңа мәліметтермен толықтыру керек. Осының нәтижесінен оқушының сол пәнге деген қызығушылығы артады. Бірақта, оқушының білімін тексеруді базалық деңгейде алған біліміне қарай бағалау керек. Ал жоғары деңгейде бағдарламадан тыс материалдарға жауап беруді оқушының өзінің тілегіне байланысты жасауға болады.**
- 2. Оқулықта да, мектепте де оқушының білімін тексеруді сол оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды пайдаланады. Көп жағдайларда оқулықта берілген биологиялық объектілерді, үрдістерді, анықтамаларды ғана тексеріп, шығармашылық білімін өте аз мөлшерде тексереді.**
- 3. Оқушының білім деңгейін тексеруде көп жағдайларда жасушаның компоненттері, мүшелер мен ұлпалардың құрылымы, экожүйенің бөліктері жайлы қарапайым жақтарына көп көңіл бөледі. Ал биологиялық объектілер мен үрдістердің, құбылыстардың мазмұнын ойлап, қабілеттілігін дамыту жақтары, әсіресе, ғылыми фактілерге тұжырымдама беру, себеп-салдарына мән бере отырып, қорытындылауға мән бере бермейді.**
- 4. Сондықтан оқушының білімін, шеберлігін бақылау барысында оқытушы мына мәселелерге көңіл бөлуі тиіс: а) фактілерді саралау, қорытындылау шеберлігін қалай игерген, ә) ағзалардың жеке-жеке бөліктеріне мән бере отырып, осы процестер бір тұтас ағзада болатындығын қалай қорытынды жасап тұжырымдау керек.**

Биологияны оқыту әдісіне қосымша. Шығармашылық есепті қолданып, оқушылардың білімділік жағын тексеру үшін білім беру үрдісінің тиімділігін көтеруге болады.

Шығармашылық есеп шығаруға мынадай әдіс тәсілдерді қолдануға болады:

- берілген тапсырманың шарты бойынша нақтылай бермеу арқылы (мысалы, кейбір есептерді проблема тұғыза шешу үшін оның мәнін нақтылай көрсетпей ол қандай тарау және қандай теорияға жазылады);
- мазмұнда кейбір қарама-қайшылықтары кезіндегі есептер мен проблемалар;
- шешімнің бір ғана мәнін басқада жолдары болуы мүмкін.

Сондықтан сабақ барысында әртүрлі шығармашылық мәселелерді пайдалана отырып, үлкен көмек көрсетеді.

- 1. Оқушылардың алған білімдерін әртүрлі практикалық, зерттеу және оқу мәселелерін шешуге былайша айтқанда оқушылардың білімін нығайтуда;**
- 2. Ғылыми ойлаушының сұлу тамаша жаңаруын демонстрациялай отырып, ғылымдардың жаратылыстану ғылым саласындағы жетістіктерді олардың шығармашылық еңбегінің, жаппай тұрмай жүргізілген экспедициялау зерттеу тәжірибиесінде жүргізудің нәтижесінің жемісті екендігі;**
- 3. Оқушылардың индивидуалды және шығармашылық еңбегінің дамуында;**
- 4. Өзінің жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесін өңдей жазбаша және ауызша қорытындылай олардың білім іздемаздығын қарастыру.**
- 5. Оқушылардың өзінің шығармашылық еңбегінің нәтижесінің өзі қорытындылай алған қызығушылық білімділік жағын дамытуға мүмкіндік береді;**
- 6. Ұжымдық топтарда бірігіп, еңбек етудің бір жағынантәрбиелік мәнін, еңбектің нәтижесінің өнімділігі;**
- 7. Пәнге деген қызығушылық дамытады.**

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті

- 1. Кез келген интеллектуалды тұлға сөйлеу мәдениетіне барлық жағдайда көңіл аударып отырады. Сөз сөйлеу мәдениетін жақсы меңгеру, сол тұлға үшін қоғамның алдындағы үлкен рөлін, болашағын әсіресе, жұмыс бойынша дәрежесінің көтерілуіне жол ашады. Ал мұғалім міндетті түрде осы қасиеттерге ие болуы тиіс.**
- 2. Мұғалім аудитория алдында сөз сөйлеп тек материалдан ақпараттар беріп қоймай, оның ең негізгі мәнін дидактикалық бағытта немесе бір мезгілде ақпарат таратуымен қатар тәрбиелік мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Оқытушының сөзі оқушыға үлгі ретінде жетуі тиіс. Осыған қарай оқушыда оның сөз сөйлеуін үйренеді.**

Сөз сөйлеуге дайындалу кезеңдері. Сөз сөйлеуді табысты іске асыру үшін мұғалім оны бірнеше кезеңдерге бөліп дайындалады.

1-кезең. Берілген материалдар мен оның тақырыбын қалыптастыру. Қандай проблемалар кездесетінін анықтап, ақпараттарды саралап, тереңдетіп қарастыру.

2-кезең. Баяндауға тиісті мақсат міндетті дайындап, кейбір тиісті материалдарды рет-ретімен қалыптастыру. Баяндаудың немесе мазмұндаудың логикалық ережелерін дамыта отырып, талқылау сызба құрып, тезис- дәлелдеме тапсыру немесе қорытындылау.

3-кезең. Мазмұндау барысында жаңа сөздер мен термин-дердегі арнайы сөздіктерден анықтай отырып, оның логикалық мәнін түсіндіру.

4-кезең. Материалдың мазмұнын тексере отырып, еске сақтауға тырысу.

5-кезең. Психологиялық дайындық.

Материалды дайындап болғаннан кейін ретімен жасай отырып, кеткен уақытты өлшеп, тиісті коррекциялар жасап, интонацияны тандап алу керек.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті оқушылармен қарым -қатынасындағы басты фактор.

1. Әрбір адамның сөйлеу мәдениеті оның білімдарлығының, зияткерлігінің, парастаттылығының, ойлау дәрежесінің, дүниетанымдылық қабілетінің, даму деңгейінің көрінісі.
2. Сөйлеу мәдениеттілігін меңгеру арқылы адам қоғамда, ұжым арасында беделді болады, өзінің карьерасының көтерілуіне, болмысына сипаттама береді. Осындай қасиет мұғалімнің бойында болмағанда кімде болу керек.
3. Оның басты ерекшелігі ұстаз адамдармен өте тығыз байланыста болады. Оның басты қызметі жеке тұлғаны- шәкіртті қалыптастыруға бағытталған. Оқушының мінез- құлқын парасаттылығына әсерін тигізеді. Сондықтан мұғалімнің сөзі педагогикалық тұрғыдан оқушыға әсер етуші басты құрал болып табылады.
4. «Сөйлеу мәдениеті» дегеніміз не?: Ол туралы **Л.И.Скварцов:** бұл «Жазбаша және ауызша әдеби тілді меңгерудің нормасы» (яғни айту ережесін, грамматикалық екпін, сөзді дұрыс пайдалану, қолдану) – дейді.

Сөз мәдениеттілігінің бірден-бір құралы оқушының дауыс сапасы. Дауыс – сөйлеу техникасының басты бөлігі. Оқушыға ол басты құрал бөлігі болып табылады. Оқушының дауысына да қойылатын бірнеше талаптар бар.

- 1. Дауыс тыңдаушыларға ыңғайсыз сезім туғызбау керек, керісінше, жағымды сезім туғызуы керек.**
- 2. Қарым қатыныс жағдайына байланысты мұғалім өзінің дауыс сезімін, дауыс ырғағын өзгертіп отыруы керек.**
- 3. Мұғалім өзінің дауысын еркін босата білуі керек.**
- 4. Дауыс жоғарыда айтылғандай оқытушының педагогикалық әсер етуші құралы болғандықтан, оның көмегімен аудиторияғы ықпал жасай, иландыра білу керек.**
- 5. Оқытушыларға барлық уақытта дыбыс аппаратына үлкен жүктеме түсіп отырады. Сондықтан оның дауысы жоғары төзімділікте болуы тиіс.**
- 6. Мәдениетті сөйлеу деген не? Педагогикалық тұрғыдан, дауыс ырғағы міндетті түрде көңілді, жарқындылық, парасат-тылық сезімдердің болуын мәдениетті сөйлеу деп атауға болады.**

Қорытынды:

- 1. Оқушының практикалық шеберлігін дамытуды ағымдағы білімін бақылау кезінде емес, қорытынды білімін тексеру барысында да тексеру керек. Сондықтан бұндай бақылауды белгілі бір жүйемен үздіксіз бақылауға алғанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.**
- 2. Тағы да бір көңіл аударарлық мәселелердің бірі оқушылардың оқулық пен ғылыми-шығармашылық әдебиеттермен жұмыс істеу қабілеті. Олар көп жағдайларда оқулықты ұқыпсыз оқып, оқығандарын еске сақтай алмай, оның ішінен ең бастысын бөліп алалмайды. Осыған орай оқушыларды әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету керек.**
- 3. Қорыта келе оқушының білімін оның меңгеру деңгейін анықтау да негізгі ұғымдар, заңдылықтар, теориялық ғылыми фактілерге шектеліп қана қоймай, әртүрлі оқу іс әрекеттерінің түрлерін қалыптастыра отырып, интеллектуалды, практикалық жалпы ғылыми деңгейін дамыту.**

Пысықтау сұрақтары:

- 1. Заманауи сабақ өткізу технологиясы жайлы түсіндіріңіз.**
- 2. Биология сабағының атқаратын қызметіне жататын факторлар.**
- 3. Сабақтың логикалық мазмұнына қарай бөліну типтері.**
- 4. Проблеманы мазмұндау әдісіне қойылатын талаптар.**
- 5. Оқушылардың білімін бағалаудың нысандары.**
- 6. Мұғалімнің сөз сөйлеу мәдениеттілігінің маңызы қандай?**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Верзилин Н.М., Косунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М., 1983.
2. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии в школе. – М., 1985.
3. Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдісі.- Алматы, 2000.
4. Пономарева И.Н. Общая методика обучения биологии. – М., 2007.
5. Якупчева М.А. Методика преподавания биологии.- М., 2008.
6. Конюшко В.С. Как подготовить урок биологии. –Минск, 1988.
7. Современный урок биологии. Под.ред. Косунской В.М. –М., 1986.
7. Журнал «Биологии в школе».– М., № 2000-2013 г.
8. Журнал «Биология және салауаттылық негізі». –Алматы, №2000-2012.
9. Горелов А.А. Концепции современного эстествознания. М.: «Центр» 1997.- 208 с.
10. Комиссаров Б.Д. Методологические проблемы школьного биологического образования. М.: «Просвещение» 1991.- 158 с.
11. Проблемы методики обучения биологии в средней школе под.ред. М.Д.Зверева. М.: «Педагогика» 1978.- 317 с.
12. Торманов Н., Аблайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Алматы.: «Қазақ университеті» 2013.- 258 бет.
13. Янукович Ф. Мехнология обучения в системе высшего образования. М.: «Высшая школа» 1986.- 132 с.

Назарларыңызға рахмет!!!